

05.12.2019 ж.

«Тектілігін танытқан тұлға»

Арқалық қаласындағы № 2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде ҚР Президентінің бұқаралық саласындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистер академиясының академигі, саяси ғылымдар кандидаты, профессор, қазақ баспасөзінің көрнекті ұйымдастырушыларының бірі Кенжалин Жұмабек Омарұлының туғанына 65 жыл толуына арналған «Тектілігін танытқан тұлға» құрмет көрмесі ұсынылды. Мақсаты: қазақ баспасөзінде, журналистика саласында айшықты із қалдырған Жұмабек Омарұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттай отырып, жастарды өз елінің нағыз патриоты болуға шақыру. Көрмеде «Желкілдеп өскен құрақтай», «Шындықты шырақ етіп ұстаңыз», «Ер Жәуке мінбегенмен алтын таққа» атты ірі еңбектері. Ерекше айта кететін болсақ «Серке сөздің сардары» атты естелік жинақ кітабы. Жинаққа Жұмабек Кенжалиннің ардагер ағаларының, Қаламгер серіктестерінің, шәкірттері мен іні – қарындастарының естеліктері енгізілді. Бұл үлкен жүректі азаматқа замандастары орнатқан өзіндік ескерткіш іспетті. Және де баспа беттерінде жария болған еңбектері де қойылды. Көрме желтоқсан айының 5-нен жыл аяғына дейін жұмыс жасайды.

